

Қамқоршылық кеңес отырысы

№ 30 «Ұрпақ» бөбекжай-балабақшасы  
2025 ж. «10» сентябрь

**Қатысқандар:**

Төраға – Садыков Е.Т.

Хатшы – Мерекешева Г.Е.

**Кеңес мүшелері:**

Юсупова С.,

Отархан Н.,

Иманғалиева Б.,

Ташпенова Г.К.,

Тлеу М.,

Пангерей Ж.Б.,

Сабыр Ш.Ш.,

Сисенбаев Ж.

**Күн тәртібі:**

1. Қамқоршылық кеңестің 2025–2026 оқу жылына арналған 1 (бір) жылдық есебін тыңдау және бекіту.
2. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа ас мәзіріне көшу туралы.
3. Балабақша жарнасының өзгеруі (900–1000 тг) жөнінде ақпарат.
4. Қосымша қаржыландыру есебінен атқарылған жұмыстар туралы.
5. Күрделі жөндеу жұмыстарының жағдайы.

**Тыңдалды:**

**1. Қамқоршылық кеңес төрағасы Садыков Е.Т.**

2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жылдық есебін таныстырып өтті.

**Есепте:**

- балалардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша жаңа стандарттың енгізілуі;
- жаңа мәзір дайындау жұмыстары;
- бюджет және қосымша қаржының игерілуі;
- материалдық-техникалық базаны жаңарту (кілемдер, көпшіктер, өрт қауіпсіздігі жұмыстары);
- күрделі жөндеуге қатысты құжаттардың дайын екендігі баяндалды.

**2. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа ас мәзіріне көшу мәселесі.**

Мәзір қазіргі санитарлық нормаларға сай әзірленіп жатқаны, оны Қамқоршылық кеңестің қарауына ұсыну жоспарланғаны айтылды.

**3. Балабақша жарнасының өсуі туралы ақпарат берілді.**

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап жарна мөлшері 900–1000 теңге аралығында болады.

**4. Қосымша қаржы есебінен атқарылған жұмыстар.**  
Материалдық-техникалық база жаңартылғаны, өрт қауіпсіздігі бойынша толық тексеру жұмыстары жүргізілгені атап өтілді.

**5. Күрделі жөндеу мәселесі.**

Барлық құжаттар дайын, маслихат шешімі күтілуде.

**Шешім қабылданды:**

1. 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жылдық есебі БЕКІТІЛСІН.

2. 2026 жылғы жаңа ас мәзірін кеңес мүшелерінің қарауына ұсыну және бекіту – құпталсын.

3. Балабақша жарнасын өзгерту туралы ұсыныс ақпарат ретінде қабылдансын.

4. Қосымша қаржыландыру есебінен орындалған жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.

5. Күрделі жөндеу жұмыстары бойынша шешім шыққаннан кейін Қамқоршылық кеңеске ақпарат берілсін.

Төраға: Сады Е.Т. Садыков

Хатшы: Мер Г.Е. Мерекешева